

ПРЕЗИДЕНТ

КӨРМЕГЕ АРНАЛҒАН ОРТАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



Кеше Елбасы «Астана Групп» ЖШС президенті Нұрлан Смағұловты қабылдады. Кездесу барысында Н.Смағұлов Мемлекет басшысына «ЭКСПО-2017» жобасы аясындағы мәдени-сауық орталығы құрылысының басталғандығы туралы баяндады.

Қазақстан Президенті халықаралық көрме құрылысына жоспарланған ғимараттың бірегейлігін атай отырып, оларды көрмеден кейінгі кезеңде тиімді пайдалануды қамтамасыз етудің маңыздылығын айтты.

«Астана Групп» ЖШС басшысы салынып жатқан нысан Астана қаласындағы көрікті орындарының біріне айналатындығын мәлімдеді.

Жалпы алаңы 140 мың шаршы метрді құрайтын орталықта Қазақстандағы ең ірі балалар аттракциондарының саябағы, 14 залды мультимплекс-кинотеатр, тақирштық сипаттағы мейрамханалық галерейлар, көпфункционалды мұзайдын болады. Орталық құрылысын 2016 жылдың қыркүйегіне дейін аяқтау жоспарланып отыр.

ПАРЛАМЕНТ

ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТ МАҚҰЛДАНДЫ

Кеше Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында Палата депутаттары «Түркі академиясын құру туралы Келісімді ратификациялау туралы» заң жобасын мақұлдады.

Аталған келісімге сәйкес, тараптар Түркітілдес мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесінің аясында халықаралық Түркі академиясын құрады. Академияның негізгі мақсат-міндеті – түркі тілдерінің, әдебиеті мен мәдениетінің диалогтық зерттеулерін сақтауға, дамытуға және кеңінен пайдалануға бағытталған түркология саласындағы зерттеулерді үйлестіру және жәрдемдесу болып отыр. Бұдан бөлек, халықаралық академия түркі халықтарының мәдени және рухани мұрасына, олардың әлемдік өркениетті дамытуға қосатын үлесіне зерттеулер жүргізіп, ортақ көне мәтіндер мен ауызекі дереккөздерді қоса алғанда, түркі тілдерінің бүкіл әлеуетін пайдаланып, барша түркі халықтары үшін ортақ әдеби тіл жасау мен барша түркі тілдері үшін қолданылатын жинақталған әліпби әзірлеу мәселелерін қарастыратын болады. Пленарлық отырыста ҚР Білім және ғылым министрі А.Сәрінжіпов баяндама жасады.

– Түркі академиясы ғылыми-зерттеу орталығы Астанада 2010 жылы Қазақстан мен Түркия Республикаларының Мемлекет басшыларының қатысуымен ашылды. 2012 жылы Бішкек қаласында өткен түркітілдес мемлекеттер кеңесінің екінші саммитінде Түркі академиясын халықаралық ұйым ретінде құру туралы келісімге қол қойылды, – деді министр.

Токтала кететін жайт, бүгінгі таңда аталған келісімді Әзірбайжан, Қырғызстан мен Түркия ратификациялаған. Оның шарттарына сәйкес, оған қатысушы тараптар міндетті жарналар төлейтін болады. Олардың мөлшері Түркі Кеңесі Сыртқы істер министрлерінің кеңесі қол қойған жекелеген хаттамада айқындалады.

Мәжіліс мақұлдаған заң жобасы Парламент Сенатына жолданады.

КӘСІПКЕР МӘСЕЛЕСІН

КЕШІКТІРМЕЙ ШЕШКЕН ДҰРЫС

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы кәсіпкерлер кеңесінің кезекті отырысы өтті. Онда өткен кеңес отырысында талқыланған аймақта қолға алынған басым бағыттағы инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу барысы қаралды.

Ол туралы облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Тельман Сүлейменов баяндады. Басқарма басшысының мәлімдеуінше, өткен басқосуға бес жобаның мәселелері талқыланып, оған қоса «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізі бойында сервистік қызмет көрсету орталықтарын салу бойынша инвесторлар тарту жөнінде тапсырмалар жүктелген еді. Осы орайда ол нақтыланған жобалар бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды. Т.Сүлейменов қазіргі таңда барлық жобалар бойынша тиісті шаралардың жүзеге асырылып жатқанын, басым бөлігі банктің қорытындысын күтіп отырса, қалғаны жергілікті атқарушы органдардың шешіміне тіреліп тұрғанын алға тартты. Мәселен, Қармақшы ауданында «Аңсаған» мүмкіндігі шектеулі балалар» қоғамдық бірлестігінің

«Тоқыма өнімдерін өндіретін орталық ашу» жобасына байланысты қазіргі уақытта коммуналдық меншіктегі аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жолдаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің жанынан ашылған «Туған ел келбеті» ЖШС-ның ғимараты қарастырылған болатын. «Туған ел келбеті» ЖШС-н бұрынғы Жосалы кентінде орналасқан полиция тірек пунктінің ғимаратына көшіру көзделуде. Аталған серіктестік сол жерге көшкен соң, заң талаптарын сақтай отырып, ол ғимаратты «Аңсаған» мүмкіндігі шектеулі балалар» қоғамдық бірлестігіне беру жоспарлануда. Мұндай жағдай жеке кәсіпкер Қарлығаш Илиясованың жобасына да қатысты орын алып отыр. Ол өзінің «Қызылорда қаласында көлемер шеберлерінің орталығын ашу» жобасына Қызылорда қаласы, Тасбөгет кентінен орын сұрайды. Осы орайда басқарма басшысы Тасбөгет кентінде екікабатты ғимараттардың бірінде бос аумақтың табылып тұрғанын айтады. Ендігі кесімді сөз қала әкімінің шешімінде болып тұр.

Кеңес отырысын қорытындылаған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев тиісті сала басшыларына жобаларға қатысты туындаған мәселелерді жедел шешуді тапсырды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

Қызылордада «Кітапхана қоры: мәселелер мен шешу жолдары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция басталды. Оған Ресейдің Мәскеу және Петербург қалаларынан, республиканың барлық облыстарынан кітапханашылар қатысуда.



Сыр бойы

85 жыл

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

18

ҚЫРКҮЙЕК
БЕЙСЕНБІ

2014 жыл
№137 (18831)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТИ

www.syrboyi.kz

“ЕГІНЖАЙ–2014”

ӨЗІ ОРЫП, ӨЗІ БАСТЫРАТЫН ДАЛА КЕМЕЛЕРІНІҢ ӨНІМДІЛІГІ ЖОҒАРЫ

“Сыр салысы жайқалар жел тербесе...” демекші, аймақтағы күріш атыздарына орақ түсті. Ақмешіттің күзгі ажарына сән беріп тұрған Сыр салысы ел әлеуетін көтеріп тұрған негізгі дақыл болса, ақ күріштің арқасында дәулеті артқан ауылдар Сырдария ауданында молынан кезігеді. Соның бірі Нағи Илиясов ауылындағы «Мағжан және К» серіктестігінің күріш танаптарына алғашқы орақ түсті.

Күріш өсірудің де қилы ауыртыпшылығы бар. Жас баладай мәселелі, 120 күн қажетті көрегі мен түрлі дәрумендерін беру керек. Күрішке де “көз” тиетінін ескерсек, түрлі ауруларға қарсы “екпе” де егіледі. Осының барлығы бейнесті диканның мандай тамшысына айналады. Ала жаздай атыз жағалап, дақылын баптаған егіншілеріміз бұйырған ел ырзығын төкпей-шашпай жинап алуды көздейді. Ал, ол мезгіл еңбегінің еленіп, тамшы тердің өтеуіндей болған кез етіңге орақ түскен мезгіл.

Батыр ауылындағы орақ салу рәсімі жылдағыдай лента киномен шектелмей, семинар-кеңес түрінде өткізілді. Орақ науқанына аудандық мәслихат хатшысы Б.Маншарипов, аудан әкімі орынбасары Б.Лекеров, Қазақстанның Еңбек Ері «Абзал және К» ТС директоры А.Ералиев, ауыл әкімі Г.Әбілдаева және «Мағжан және К» ЖШС директоры Д.Ералиев, ауыл ардагерлері мен күрішші-механизаторлар қатысты.

Аймақ бойынша егін жинауды жоғары дәрежеде ұйымдастырып жүрген сала мамандары алтын дәнді ысырапсыз жинап алуға



БРИФИНГ

Бұл туралы сейсенбі күні «Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында өткен брифингте «Байқоңыр» ӘКК» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Ардагер Ақжігітов мәлім етті. Сондай-ақ, ол ақпарат құралдарының өкілдеріне ұлттық компанияның атқарған жұмыстарының қорытындысын да баяндады.

ҚЫЗЫЛОРДАДА АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕН ТӨМЕН



Басқарма төрағасының орынбасары А.Ақжігітов алдымен әлеуметтік маңызды тауар түрлерінің бағаларын тұрақтандыру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарды тарқатты: – Қазіргі кезде «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациямен «Дәмді» дүкендер желісін дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Соның нәтижесінде, өткен 8 айдың қорытындысы бойынша аймағымыздағы біршама азық-түлік бағалары республиканың орташа көрсеткішімен салыстырғанда төмен деңгейде болып тұр, – деді А.Ақжігітов.

Мұнан соң ол азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі облыс әкімінің назарында тұрғанын атап өтті. Облыс басшысының тап-

сырмасы бойынша тұтыну нарығындағы бағаларды тұрақтандыру, қалыпты деңгейде ұстап тұру бағытында тиісті жұмыстар атқарылып жатқанын хабарлады. Бұл орайда, әсіресе халық тұтынатын негізгі азық-түлік өнімдерін өзге өңірлерден алдын ала келісім-шарт негізінде сатып алынып, оның алдағы жылдың мамыр айына дейін жететіндігін жеткізді.

МЕМОРАНДУМ

НАННЫҢ БАҒАСЫ КӨТЕРІЛМЕЙДІ

Облыс әкімдігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, “Қазгрохолдинг” АҚ және Қазақстанның қайта өңдеушілер одағы арасындағы Меморандумға сәйкес нан мен ұн бағасы үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегіне дейін бұрынғы қалпында қалған болатын. Қазіргі таңда қол қойылған Меморандум бойынша оның мерзімі тағы да екі айға, 1 қарашаға дейін ұзартылды.

Бірінші кезекте ұнмен әлеуметтік бағыттағы нан өндіретін наубайханалар мен тұрақтандыру қорының дүкендері қамтамасыз етілетін болады. Демек, осыған сәйкес бұл ұннан дайындалған нанның бір бөлкісінің бағасы бөлшек саудада 40 теңгеден сатылатын болады. Осындай бағамен нан босатытын дүкендер біздің қалада көптеп саналады. Облысқа ұн жеткізетін оператор “Аль-Асад” фирмасы болып табылады. Бұл компания алдағы жоспарларға сәйкес өз наубайханасы бар ұн зауытын салуды көздеп отыр. Қазіргі таңда фирманың өкілдері осы мәселе бойынша түрік мамандарымен келіссөздер жүргізуде.

Ж.Ә.ІМАХАН.

20-25 күн кетеді дейді. Бұған қоса, бүгінде шаруашылықтың техникалық әлеуетті екендігін атап өткен жөн. Жылда облыс бойынша бас бөйгені бермейтін серіктестік, биыл да егін жинау науқанына тастүйін дайын. Кеңестік «Енисейден» төрт есе қуатты, күрішті орып әрі дестеге салатын «MacDon» жатқасының екеуі (өткен жылы біреуі, биыл тағы біреуі) егістікке шығарылды. Сондай-ақ, Джон Д-да науқанға сақайдай сай. Бұл дала кемелері №7 бригаданың күріш алқабына биылғы алғашқы орақты салды. Сондай-ақ, былтырғы ауыл және аудан чемпионы №4 бригада жетекшісі Ө.Қалиев биыл да былтырғы межеден кем түспек емес. Жатқалардың күріш оруды жойқын, озық технологияларда комбайншыға қажетті барлық жағдайлар жасалған. Көңілі тоқ, техникасы сай механизатор еңбек өнімділігін арттыра түсері ақиқат.

Биыл аудан тарихында мол күріш егілді. Оның жалпы көлемі 20 мың гектардан асады. Ал Н.Илиясов және Бесарық ауылдарында 5 мың гектардан аса егіс отырғызылды. Қазіргі таңда шаруашылықтарда техника, адам күші, жанар-жағармай толық дәрежеде жеткілікті. Күріштің негізгі көрегі судан тапшылық көрмей, күріш орағына жан-жақты дайындық жасалды – дейді, «Мағжан және К» ЖШС директоры Дархан Ералиев.

Адал кәсіппен нәсіп терген сырбойлық дикандар алты ай жазғы жанқияр еңбектерін баянды етуге бірікпелі жұмыла кірісіп кетті. Дикандардың ең басты ұстанымдары – Сыр салысы – ақ маржанды дер кезінде ысырапсыз жинап алып, аймақта биік дәрежеден көрінуге аяп-бай тер төгу.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ТӨРТ АУДАН ОРТАЛЫҒЫ ГАЗДАНДЫРЫЛАДЫ

Үстіміздегі жылдың соңына дейін Қызылорда қаласы толықтай табиғи газға қосылады. Бұдан бұрын хабарлағанымыздай, аудан орталықтарын газдандыру жұмыстары басталады.

Облыс әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлауына, биылдың өзінде 4 аудан орталығы (Арал қаласы, Өйтеке би, Шиелі, Жаңақорған кенттері) мен Байқоңыр қаласында автоматтандырылған газ тарту стансаларының құрылысы жүреді. Бұл жұмыстарды бастау жөнінде Астана төрінде «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ мен Қызылорда облысы әкімдігі арасында Меморандумға қол қойылды. Жоба құны 23 млрд. теңгеге құрайды. Келісім бойынша кварталшілік газ құбырлары да жүреді. Бұл жұмыстар толықтай аяқталғанда облыс халқының 23 пайызы табиғи газға қосылады.

АЙМАҚ–АҚПАРАТ

- «Ақниет» бағдарламасы аясында Қармақшы ауданы ІІІ Интернационал ауылының тұрғыны Амит Муралов «Бастама» номинациясы бойынша грант иеленіп, жүз тасымалдау жобасы арқылы халыққа қызмет көрсетіп келеді. Қазіргі таңда ол өзінің жобасы бойынша жұмыс жасауда.
- Қазалы ауданында Қарасақал Ерімбеттің 170 жылдығына орай «Жыр дүлдүлі – Ерімбет» атты аудандық жыршы-термешілер байқауы өткізілді. Қорытындысында жүлделі бірінші орынды Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің студенті, Бекарыстан би аулынан қатысқан Қуаныш Алғазиев жеңіп алды.
- Облыс әкімдігінің қаулысына сәйкес Сырдария ауданы бойынша тіректі елді мекеннің тізбесіне Асқарма және Бесарық ауылдары енгізілген. Бүгінгі күні халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту бағытында Асқарма тірек ауылдық елді мекенінің 2014-2018 жылдарға арналған кешенді даму жоспары жасалды.
- Шиелі ауданында «Болашақ жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен әскер қатарына шақырылған азаматтар мен жастар арасында дөңгелек үстел өтті. Шараның мақсаты – әскерге шақырушылардың бөйында Отанына деген азаматтық борышын өтеуге, Конституциялық міндетін орындауға даярлығын және жоғары патриоттық сезімін қалыптастыру болып табылады.
- Отбасы күніне орай Жаңақорған ауданында көпбалалы ана М.Жамурова мен Н.Мұсабековаға сый-сияпат жасалды. Көпбалалы аналар осындай құрмет көрсеткен Жаңақорған кенті әкімшілігіне ризашылығын білдірді.

М.МЕРЕЙ.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

ТІЛ ТАРИХЫ ТЕРЕҢДЕ

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жуырда ғана Ұлтыға өңіреді ортаға салған мәселелерінің ішінде ерекше назар аударатқаны – мемлекеттік тілге деген көзқарастары болды. Мемлекеттік тілге қамқорлық танытып отыруы Елбасымыздың тіл тағдырына бейжай қарамайтындығын білдіреді.

Мемлекет басшысының «Өзіміз қазақша сөйлеуіміз керек» деген сөзін баршаңыз сабырлықпен алға ұстануымыз керек.

Республикамызда қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, оның қолданылу аясын кеңейту туралы мәселе тек қазір ғана күн тәртібіне қойылып отырған жоқ. Тарихымыздың тарау-тарау тамырларына үйіскез, Қазақ Автономиялы Республикасы алғаш рет шаңырақ көтеріп, отау тіккен сонау жиырмасыншы жылдардың басында-ақ туған тіліміздің аухалы ауызға ілігіп, алқауы жияндарда айтылды.

Сол кезеңдерден басталған ресми құжаттарға көз жүгіртпек болсақ, көптеген қарама-қайшылығы мол пікірлерге кезігеміз.

Айтуымыз керек, қазан төңкерісінен соң В.И.Ленин ұлт тілдеріне оң көзқараста болды. Бұл мәселе 1920-1930 жылдары оңды шешілді.

1923 жылдың 22 маусамында Орынборда тіл туралы пішім мәніндегі алғашқы декрет жарияланды. Онда қазақ, орыс тілдеріне бірдей мемлекеттік мәртебе берілді. Осы кезеңді еліміздің екі ғасырға жуық патшалық Ресей боданында болған Қазақ елінің зиялылары сәтті пайдалана білді. Қазақстан Автономиясы басшылығы тарапынан қазақ тіліне дамытуға деген үлкен көзқарас қалыптасты. Соның нәтижесінде қазақ тілін дамытуға одан кейінгі, тіпті қазіргі кезде де қолға ала алмай отырған үлкен істер атқарылды. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыратын жоғары деңгейдегі құжаттар бірінен соң бірі қабылданып жатты.

Жоғарыда айтылған декреттің «Қызметкерлер даярлайтын арнайы оқу орындары мен кәсіпкерлік курстарда қазақша іс жүргізуді үйрететін пән міндетті түрде енгізілсін», - деген арнайы бабы да болды.

1924 жылдың 26 маусамында ҚазКСР-нің Еңбек Халық Комиссариаты барлық аймақтарға «Орыс қызметкерлерін қазақ немесе қазақ тілі мен жазуын білетін мамандармен алмастыру жөнінде» қаңт жібесі, сол жылдың шілдесінде «Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда қазақ тілінде іс жүргізетін жұмысшылар мен қызметкерлердің санын молайту және қазақ тілі мен жазуын білетін мамандармен алмастыру тәртібін күшейту жөнінде» қаулы қабылдады. Бұл екі құжатта да аталмыш шараларды жүзеге асырудың жолдары нақты көрсетілген. Мысалы, «белгілі кәсіпорындарға қызмет орынын қысқарту - ол адам қазақ тілін білмеген немесе сол тілде іс жүргізе алмаған жағдайда ғана болады» деп аталып көрсетілген.

БКП (б) Орталық комитетінің 1932 жылғы 15 сәуірдегі «Өндірісті жергілікті ұлт өкілдерімен қамтамасыз етудің керекті міндеттерін туралы» қаулысы қабылданып, онда қазақ мамандарын жұмысқа тартудың бірден-бір жолы өндірісте қазақ тілін дамыту деп танылған. Ол үшін қаулыда өндіріс орындарындағы барлық құжаттарды қазақшаула, «Көпшілік арасындағы техника» («Технику в массы») атты қазақша журнал шығару, жұмысшы қазақтардың техниканы меңгеруіне көмектескендерге арнайы қордан материалдық жәрдем көрсету, өндірісте сауат ашудың, қазақ тілін оқудың жүйесін жасау, мамандар бөлімдеріне 3 айдың ішінде ұлттық мамандар даярлаудың нақты жоспарын жасау, қазақ жұмысшыларының тұрмысын түзету міндеттелген.

БКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің 1933 жылдың 4 сәуіріндегі қаулысында 1933 жылы ҚазОК, Агарту халкомы (Наркомпрос), Әділет халкомы (Жоғарғы сот пен прокуратура), Денсаулық сақтау халкомы, Жұмысшы-шаруа милициясы сияқты лауазымды мекемелердің қазақ тіліне көшпін жоспарланған.

Аталған мекемелердің облыстық, аудандық бөлімшелері, әсіресе, басым көпшілігі қазақтар болып келетін аймақтардың барлығы іс жүргізуді қазақ тіліне көшіруге, ал мүмкіндігі жоқ мекемелер уақытша екі тілде жұмыс істеуі, қазақтардың саны 40%-ға жеткен аймақтардың барлығын қазақ тілінде көшіруге тиіс болған. Ал өзбек, ұйғыр сияқты аз ұлттар тығыз тұратын жерлерде істі сол тілдерде жүргізу белгіленген. Осы қаулыда көрсетілген шараларды жүзеге асыруды ынталандыру мақсатында Қазақ Орталық Атқару комитеті мен Халық комиссарлар кеңесі бірлесіп, «Қазақ тілін білетін мамандарға жасалатын жеңілдіктер жөнінде» қаулы шығарған.

Бұл қаулының кезінде қазақ тілінің беделін көтерудегі маңызды зор болды. Онда алғаш жұмысқа кірген мамандардың негізгі жалақысына 5%, қазақ тілінде еркін сөйлейтіндерге 10%, іс жүргізе білетіндерге 15% үстеме төлеу белгіленген. Сондай-ақ, жоғары оқу орындарында қазақ тілінде дәріс оқытын ұстаздардың жалақысына 25% қосымша қосылған. Ал тілді толық меңгерген мамандарға КСРО-ның шенберінде ғылыми іссапарға немесе 3-6 ай мөлшерінде тілдіктілігі көтеру курстарына баруға жағдай жасалған және бұл уақытта маманның отбасын пәтермен, тағы да басқа жағдайлармен қамту қарастырылған.

Осындай ауқымды мәселелерді жүзеге асыру үшін сол кездің өзінде ҚазОК Торалқасының жанынан Жергіліктендіру (коренизация) комитеті, қазақ

тілі курстарының мемлекеттік комиссиялары құрылды. 1934 жылы Орталық Атқару Комитетінің «Қазақ мектептерінен басқа мектептерге қазақ тілін міндетті түрде оқыту жөніндегі» қаулысы осы мүддеге қызмет еткен құжат болды.

Алайда, отызыншы жылдардың ортасынан бастап қазақ халқының басына түскен қасіреттер, сталиндік өктем саясат қазақ тілінің басымдығы, мемлекеттілігіміздің нығаюы жолында жан аямай іс атқарып жүрген қазақ зиялыларының басына бұлт үйірді. Өткенімізден ажыратып, тарихымыздан алыстату үшін 1929 жылы төте жазудағы әліпбиіміз латын алфавитіне, одан түркі тілдес халықтар тіпті бір-бірін мүлде түсінбес үшін он жылдан кейін кириллицаға көшірілді.Бұның бәрі тілімізді жоюға бағытталды.

Ал 1941 жылдың 1 тамызында қазақ тілін білетін мамандарға жасалатын жеңілдіктерді қайтып алу жөнінде қабылданған қаулы қазақ тілінің өрістеуіне кедергі болды. 1955 жылғы 9 мамырдағы КСРО Министрлер Кеңесінің «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін міндетті түрде оқытудан босату» жөніндегі Жарлығы осы кезеңнен бастап-ақ қазақ тілінің басына қара бұлт үйірілгендігін байқатты.

Осыдан кейінгі кезеңде «өркениетке тек орыс тілі арқылы ғана жетеміз» деген өктем саясат тілде деген жанашырлық көзқарастарды тұншықтырып тастады. Отызыншы жылдардың соңғы жылдары қазақ зиялыларының қуғынға ұшырап, атылып, асылып кетуі халықтың арасында үрей туғызды. Сондықтан да Кеңес азаматтарына ортақ тіл – орыс тілін мойындамасқа амал қалмады. Қазақ тілі қалтарыста қалып, тұрмыс тілі дәрежесінде де төмендей бастады.

Қазақ тілі өндірістен шеттетілді. Бұл жөнінде О.Сүлейменов «Қазақтар ірі кәсіпорындарда бармағандықтан, қазақ тілі өндірісі тілі бола алмады» деп жазды. Қолдан жасалған ашаршылық, тың игеру сияқты сұрқай саясаттар тілімізді тұрлатып кетті.

Тіл тағдыры туралы санамызға сілкініс әкелген кезең 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан басталды. Осыдан кейін бірінші болып 1987 жылы 3 наурызда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесі орыс тілі мен қазақ тілін оқитуды жақсарту жөнінде қаулы қабылдады.

Ал 1989 жылы 21 қыркүйекте алғашқы қабылданған «ҚР тіл туралы» Заң сол кезеңдердегі қоғамдық-саяси өмірдегі үлкен жеңіс болды. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріліп, ол занын қамқорлығына алынды. Солақай саясатқа нүкте қойылып, Қазақстанда тұратын барлық халықтың тең дәрежеде дамуына бағытталған заң ретінде өмірге енді. Ол халықтың санасын оятып, қазақ тіліне көңіл аударуына тікелей әсер етті. Алғашқы сөттерде өзге ұлттар да балаларын қазақ мектептері мен балабақшаларына беріп, қазақша сөйлеуге ден қоя бастады. Алайда, уақыт өте келе, бұрынғы сарынағы қайта оралдық. Бұған әрине, орыс тілінде оқыған қандастарымыздың өзі себепкер болды деуге болады. Өйткені, орыс тілінде білім алып, орысша жазуды, сөйлеуді әбден меңгерген олар, қазақ тілін қиын көріп, бұрынғы жеңіл іздерімен жүруді мақсат тұтты.

Өркеннетті елдердің Конституциялық құрылыс тәжірибесі әрбір тәуелсіз мемлекетте мемлекеттік және басқа да тілдердің құқықтық мәртебесін заңды түрде бекітуі қажет екенін көрсетіп отыр. Бұл мәселе 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституциямызда айқындалды. Ата Заңмен қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі нақтыланып, мемлекетіміздегі басқа тілдер қамқорлыққа алынды.

Сегіз жылға жуық уақыт қызмет еткен алғашқы заңға түбегейлі өзгерістер енгізіліп, 1997 жылы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңы екінші рет қайта қабылданды. Бұл заңда қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі айқындалды. 2004, 2014 жылдары «ҚР тіл туралы» Заңға бірқатар өзгертулер мен түзетулер, толықтырулар енгізілді.

Осылайша егемендік алған елімізде мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін дамытуға деген үлкен бетбұрыс кезеңі басталды.

Қабылданған заң да, бекітілген бағдарлама да қашан да іс жүзінде орындалуымен бағаланды. Тіл мәселесі, оның қолданылу ауқымын кеңейту көптен бітпейтін іс.

Елбасы Жарлығымен әр жылдың қыркүйек айының үшінші жексенбісі Қазақстан халқының тілдері күні деп жарияланды. Міне, бірнеше жылдар бойы осы атаулы күн – мемлекеттік тілмен қоса барша қазақстандықтардың тілдері мерекесі ретінде аталып өтілуде. Ендеше, ағайын тілдер мерекесін лайықты атап өтіп, туған тіліміздің төңірегіне біркісідей топтаса берейік.

Әлімжан ЖАРЫЛҚАҒАНОВ,
облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы.



ЕҢБЕК ДИНАСТИЯЛАРЫ

Жұмыс кабинетінде отырғанмын.

Жанымдағы әріптестер бір сала-да еңбек ететін әулет жайлы сөз етіп отыр. Осы сәт менің есіме Тереңөзектегі Рүстем Садықұлы түсе кетті. Өзі де, жұбайы да, ұл-қыздары мен немерелері де ақ халатты абзал жандар. Әулеттің денсаулық саласындағы еңбек өтілі 260 жыл болыпты. Неге өнеге етпеске?!

БАҚЫТТЫҢ БАҒЫНА БӨЛЕНГЕН

әулеттің еңбек өтілі 260 жыл



Сонымен, шұғыл түрде Тереңөзек кентіндегі кейіпкердің шаңырағына ат басын тіредім. Үйі ауласы көкөніс пен қызылдік-жасылды гүлге оранған. Бақша дақылдарын арам шөптерден арылып, сугарып жүрген Рүстем ағамыз бен Күмісқұл жеңгеміз жайлы ғана жымиыспен, құшақ жая қарсы алды. Аман-саулық сұрасқан соң әңгіме желісін ағыттық. Өзіне тән байылың жарықдай күліп, аңқылдай сөйлейтін Рекең әңгімесін әрілеп бастады.

– Мен 1940 жылы бүгінгі Шіркейлі ауылында (бұрынғы Қызыл Ту колхозында) өмір есігін ашпын. Марқұм әкем Садық Мұсаев сол кездегі еңбекшілер қосыны болған екен. Әкем 1942 жылы Ұты Отан соғысына аттанады. Елі үшін жанын пид етіп, қайтып оралмады. Екі жасында әкесіз, жетім қалдым. Жастайынан үш баласымен жесір қалған ағамыз біздерді беліне байлап жүріп, қолынан кетпеген мен жүрген түсімері еңбек етеді. Содан да біз ерте есейдік.

Рекең айтса айтқандай, бұғанасы қатаймай тұрып, бел буа, білек түре еңбекке араласалы. “Әке көрген оқ жоңар” дегендей, өмір үшін арналасқа түседі. Ел ағасы болған әке шаңырағын шайқалтпай, анасының ақ сүтін ақтауды мұрат еткен ол ауылдағы мектептен жеті жыл дәріс алып, отбасылары аз қамтамасыз етілгендердің балаларын қабылдайтын Қызылорда қаласындағы 1 Мей мектеп-интернатына келіп, орта білім алады. Білім нәрімен сусылдаған Рекең жастайынан өмірдің соңығы мен тоқтағын көргендіктен болар, денсаулық дәнекері дәрігер болуды мұрат тұтады. 1958 жылы Ақтобе қаласындағы медицина институтының терапия факультетіне оқуға қабылданып, 1964 жылы дәрігер-терапевт мамандығын алып шығады. Содан 40 жыл бойы адамдардың өмірі үшін арналысып, басты байлығымыз – денсаулық сақшысы болды.

– Менің, – дейді үзілген әңгіме жібін қайта

сабақтаған Рекең, – еңбек жолым сол кездегі Қармақшы ауданына қарасты Калинин кеңшарындағы (бүгінгі Бұхарбай ауылы ауылдық ауруханада ақ халат кнпоімен бастау алды. Ол кезде жоғары білімді жалғыз ғана дәрігермін. Бір ғана Калинин ауылы тұрғындары ғана емес, шалғай жатқан Таң, Ақарық, Еңбек, Ақсарма ауылы тұрғындарының денсаулығы үшін күрес біздің мойнымызға артылған болатын. Автокөлік деген атымен жоқ. Содан да елді мекендерге таң білінер-білінбесте атпен, болмаса сүріне-қабына жауу баруып едік. Осы ауылдық аурухананың бас дәрігері болып анау-мынау емес он екі жыл қызмет еттім. Есімдері

елге танымал азаматтар Тұрғанбай Маханов, Сақы Қалыбаевтармен қызметтес, түз-дәмдес болғанымды мақтаныш етемін. Мен бәз-біреулер тәртізді өзімді-өзім дәріштеуден бойымды аулақ ұстаймын.

Шынында да, Рүстем ағамыз жаны мақтау мен марапаттарды қаламайды екен. Әйтпесе, кезінде сол Калинин ауылынан 25 орындық аурухана салдыруға бас болғанын айтар еді ғой. Сондай-ақ, Кеңес Үкіметі кезінде осы ауылдық аурухана Одақ бойынша өткізілген бәйгеде үшінші орынды қанжығаларына байлағандарын өзіміз сұрап білдік.

– Реке, өмірлеріңе жүгінер болсақ, 25 жыл бойы аудандық ауруханада басшылық қызметте болып, ел игілігі үшін ересен еңбек еткен сынағлысыз. Ендігі сөз кезегін осыған берсеңіз? – деген сауал тасталдық.

Ойлы көзімен тұңғыққа барлай қараған оның көз алдына көргендері мен көңілге түйгендері көлбөңдей тұра қалса керек, үзілген әңгіме жібі қайта сабақталды.

– Ол кезде облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы София Өтегенқызы Макашева болатын. Бір күні София апай шақырып, маған үш жұмыс орнына ұсыныс жасады. Жалағаш ауданындағы түбекүлзес ауруханасына бас дәрігер, болмаса осы аудандағы аурухана бас дәрігерінің немесе Тереңөзек аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары қызметін ұсынып, ойлануға мұрсат берді. Туған топырағым Тереңөзекте қалуды қаладым. Содан 1975 жылы Тереңөзектегі аудандық ауруханаға бас дәрігердің орынбасары болып келсем, он жылдан соң, яғни, 1985 жылы бас дәрігер болып, 2001 жылға дейін халқыма қызмет еттім. Өтпеген-ай, науқасыма байланысты еңбек демалысына ерте шықтым.

– Реке, ұятпасаң, 1992 жыл болуы керек. Аудандағы 125 орындық ескі аурухана ғимараты құлау қаупінде тұрды. Содан тікелей сіздің бастамаңызбен 175 орындық аурухана шаңырақ көтергенін өз көзімен көргенім бар.

– Рас айтасыз. Ол кезде облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ернияз Омаров болатын. “Мен...мен” дегеннен бойымды аулақ ұстайын, тікелей Еркеннің қолдауымен аурухана салынды. Ол кісінің мына бір керемет адамгершілігін айтпаса болмас. Аурухана ғимараты құрылысының алғашқы қазығын Ернияз ағамыз қағып, өз малын әкеліп сойып, ақсақалдардың ақ батасын алған еді. Оны айтасыз, құрылыс басына апта сайын соғып, құрылысшыларды

өз қаражаты есебінен тамақтандыратын. Айтқандай, есімін ұмытып қалыппын, тегі Жамалов деген ақсақал өз жылқысын сойып әкеліп, тұрғындарға таратқаны бар.

Ернияз ағамыз аурухана құрылысын салдырып қана қойған жоқ, оны медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуде де мейлінше көмек қолын созды. Ақтобеден көпшілі флюорография алып берсе, кезінде бірде-бір ауданда жоқ УЗИ қондырғысы орнатылды. Көрші Жалағаш, Қармақшы аудандарының тұрғындары УЗИ-ға түсу үшін біздің ауруханаға келетін.

Сөз орайы келгенде Рүстем ағамыз жан жары Шәріпқызы Күмісқұл жеңгемізді әңгімеге тарттық.

– 1964 жылы Қызылорда қаласындағы медициналық училищенен медбике мамандығын алып, еңбек жолымды ауылдық ауруханада бастадым. Алла Рүстеммен 1966 жылы табыстарып, шаңырақ көтердік. Отыз бес жыл денсаулық саласында қызмет етіп, зейнетке шықтым. Шүкір, өмірге 2 ұл, 4 қыз әкеліп, бүгінде солардың қуаныш құшағына кенеліп отырған жайымыз бар.

Бақыттың құдірет күшіне кенеліп, рахат сезіміне бөленіп отырған әулеттің өзіндік бір ғажайы бар. Отбасының саладағы еңбек өтілі 260 жылдан асады. Ойымыз орнықты, сөзіміз салмақты болуы үшін Рүстем мен Күмісқұлден тараған ұрпақтарының ұлағатты жолдарына үнілейік. Үлкендері Жанат №36 мектепте директордың орынбасары болса, Манат аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары. Ал, Гүлзада Қызылорда қаласындағы №5 мектепте директордың орынбасары, малдәрігерлік институтынан дәріс алған Ғалымжан аудандық ветеринарлық бөлім меңгерушісі. Қыздары Гүлзира облыстық диагностикалық орталықта қызмет істейді. Алматыдағы медициналық университетті бітірген кенжелері Байтабын бүгінде стоматолог-дәрігер. Қараныз, алты баланың үшеуі жоғары білімді дәрігер болса, келіндері Салтанат аудандық аурухананың онкология бөлімінің медбикесі, кіші келін Гүлфарида – аудандық ауруханада терапевт-дәрігер. Ал, немерелері түгелдей дерлік ата мен әжелерінің жолын мұрат тұтып, дәрігерлік мамандықты қалаған. Айтайық, немерелері Назерке Ақтобедегі медицина институтын тәмамдап, магистратурадан дәріс алып жатса, Маликасы осы институттың 4-курс студенті. Ал, Нәзімгүлдері Астанадағы ғылыми-зерттеу институтында стоматология бөлімінің аға медбикесі, Гүлфайруз осы қаладағы мединверситеттің 4-курсунда оқиды. Айгірімдері осы оқу орнына биылғы жылы грантпен түсті.

– Атасының атына жазылған ең кіші немерем Рүстемова Тұмарайымды айтып кете алмаймын. Ол Қызылордадағы Назарбаев зияткерлік мектебінде қабылданып, 8-сыныпта оқып жатыр. Бүгінде немерелеріміздің рахат сезіміне бөленіп, қуаныш құшағына кенеліп отырған жайымыз бар, – дейді Күмісқұл жеңгеміз.

– Байлық та билік те уақытша. Мен үшін басты байлық – өзімнің ғана емес, елімің, халқымың денсаулығы. Мұнан артық бақыт жоқ мен үшін, – дейді «Денсаулық сақтау саласының үздігі», Сырдария ауданының құрметті азаматы Рүстем Садықов.

Рүстем ағамыз осы бір аталы сөзі ұрпақтарға ұлағат болып, жүректерінде жазылып қалса ғой... Бақыттың құдірет күшіне бөленген өнегелі отбасынан осындай ниетпен жолға шықтым.

Еркін ӘБІЛ.

Сырдария ауданы.

1 қазан – ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауы күні

СЕНАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Жуырда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына иеленуі үшін Қазылы ауданында болып, облыстық, аудандық мәслихат депутаттарымен кездесті. Кездесуді облыстық сайлау комиссиясының хатшысы Қожамажар Наурызбаев ашып, жүргізіп отырды.

Қ.Наурызбаев жиналғандарды Сенат депутаттығына үміткер Бекмырза Еламанов, Серікбай Өмірзақов, Әшім Оразбекұлының өмірлерімен таныстырды.

Мұнан соң Бекмырза Еламанов сөз алып, Сенат депутаты болу үшін жауапкершілік екендігін, сайланған жағдайда аймақтың дамуына, экономика, өркениеттегі барынша күш салатындығына тоқталды. Ал, Серікбай Өмірзақов болса Елбасының саясатын жүргізуге, елдің экономикасын көтеруге, білім мен ғылым саласын дамытуға өз үлесін қосатынын айтты.

Жүздеу барысында облыстық мәслихат депутаты Самұрат Иманодосов кандидаттардың көпшілікке танымал азаматтар екендігін айта келе, Президентіміздің көрген саясаты нәтижесінде тәуелсіз Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастыққа үлкен беделге ие болғанын, қоғамның жасы үрдіске бет алғанын, кәсіби Парламент болу үшін дұрыс таңдау жасалу қажеттігін халық сенімінен шығатын тәжірибесі мол азаматтарға қолдау керектігін,

Бекмырза Еламановтың облысқа сіңірген еңбегі ересендігін, еңбек жолын қатардағы жұмысшыдан бастап, жауапты қызметтерге көтерілгендігін, Серікбай Өмірзақовтың танымал ғалым, ауыл шаруашылығы саласына жетіктігін бүкілсіз жеткізді.

Кездесуде аудандық мәслихат депутаты Қасқырбай Әлімбаев кандидаттарға сәттілік тілеп, мәслихат хатшысы Талайылы Бөрікұлақов депутаттардың Сенат депутаттығына кандидаттар туралы жылы пікір білдіріп жатқанын, таңдауды дұрыс жасайтынына сенім білдірді.

Жиында облыстық сайлау комиссиясының хатшысы Қожамажар Наурызбаев қорытындылады.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазылы ауданы.

Сырдария аудандық мәслихатының ғимаратында ҚР Парламенті сенатының депутаттығына үміткерлермен алғашқы кездесу болып өтті. Кездесуді облыстық сайлау комиссиясының хатшысы Қ.Наурызбаев жүргізді.

Кездесу барысында облыстық сайлау комиссиясының хатшысы сайлауға түсіп отырған үміткерлерді таныстырды. Атап айтсақ,

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ
ТАЛАПТАРЫНА БАҚЫЛАУ КҮШЕЙІП БЕРЕДІ

Оның айтуынша, нақты кезеңде 33 бағыт бойынша тауар өнімдерін алдын ала сатып алуға тапсырыс берілген. Оның 11-і, яғни халық күнделікті тұтынатын негізгі азық-түлік бойынша 150 млн. теңгенің келісім-шарты жасалынды. Бұл қаражатқа картоп, сәбіз, пияз, күріш, өсімдік майы, кант, ас тұзы және макарон сияқты негізгі

өнімдер өзге аймақтардан сатып алынууда. Осы ретте корпорацияның ұнын бірінші сортын сатып алатын жалғыз оператор екендігін де ескеру керек. «Наубайханалармен келісім-шарт бар. Біздің мақсатымыз – әлеуметтік нанның бағасын ұстап тұру. Бұған қоса, облыста ет және балық өнімдері де жеткілікті», - дейді А.Ақжігітов.

Нақты кезеңде облыс орталығында 12 әлеуметтік сауда орталықтары жұмыс жасайды. Оларды кеңейту жұмыстары да жүзеге асырылуда.

Демек, аймақта бірінші қажеттіліктегі әлеуметтік маңызды тауар түрлерінің бағасы көтерілуіне еш негіз жоқ.

Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорация қазіргі таңда жалпы құны 1 млрд. теңге болатын 8 жобаны жүзеге асырған. Бұған қоса, құны 9 млрд. теңгеден асатын жобаны жүзеге асыру үстінде. Корпорацияның инвестициялық қызметі өңірміздің өсуіне, кәсіпорындарды бәсекеге қабілетті ете отырып жанаруы және жаңғыртуына бағытталды. Оның ішінде: балық кластері мен көлік инфраструктурасын дамыту және индустриалды-инновациялық даму мен құрылыс саласына айрықша маңыз беріледі.

Дәуіржан АЙБОЛАТУЛЫ.

Облыс әкімінің кеңесшісі
Ғазымбек Алпысбаевтың
қатысуымен мемлекеттік сатып алу мәселелері туралы семинар-кеңес болып өтті. Оған мемлекеттік органдар қызметкерлері мен бизнес өкілдері қатысты.

Кенес отырысын ашқан Ғ.Алпысбаев Елбасы өткен жылдың 11 қазанында «2013 жылдың 9 айы бойынша Республиканың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы туралы» Үкіметтің кеңейтілген отырысында мемлекеттік сатып алу саласына қатысты бірқатар тапсырмал

● МАМАН ПІКІРІ

Қазір жерсеріктік антенналар нарығына қатысты мәселе туындап отырғаны белгілі. Заңсыз жұмыс істеп жатқан операторлардың қазақстандық телевизияның дамуына кедергі келтіріп отырғаны да жасырын емес. Осыған орай, Қызылорда облыстық радио және телехабар тарату дирекциясы сату бөлімінің басшысы Өркен Абилаевпен болған сұхбатыңызды назарларыңызға ұсынамыз.

– Басылым беттері мен газеттерде «Триколор», «НТВ+», «Радаус», «Телеарта» секілді операторлардың жерсеріктік қондырғыларын сату мен жеткізе қосылу қызметтерін жарнамалаған хабарландырулар тұйып тұр. Бұлардың әрекетіне қатысты не айтасыз?

– Кейбіреулер сіз атап өткен операторлардың әрекетіне бей-жай қарауы мүмкін. Алайда, «Лицензия беру» туралы ҚР Заңының 24-бабына сәйкес, еліміздің аумағында телевизиялық және радиобақыратаратуды ұйымдастыру лицензияланған қызмет түрі болып есептеледі. Сондықтан қазақстандық телерадиохабар тарату операторлары, мемлекеттік немесе коммерциялық болсын, олардың ел аумағында қызметтерін ретке келтіретін рұқсат құжаттары болуы тиіс. Осылайша, отандық операторлар жаңа жұмыс орындарын ашып, мемлекеттік қазынаны салық-алымдарымен толықтыра отырып, ел экономикасы мен отандық телехабар тарату саласының дамуына өз үлестерін қосады. Бүгінде Қазақстанда лицензия негізінде үлкенді-кішілі жүзден астам операторлар жұмыс жасайды, олардың арасында жалпы республикалық көлемде – «Алма TV», «Icon», Казтелерадио («ОТАУ TV»), «Қазақтелеком» («ID TV») және аймақтық операторлар бар. Мысалы, біздің Қызылорда облысында «Санжар ТВ», «Көркем ТВ», «Орда ТВ» секілді кабельдік операторлар жұмыс істеп жатыр. Жалпы, лицензияланған операторлардың толық тізімін mki.gov.kz сайтынан білуге ыңғайлы. Ал сіз атап өткен операторлардың лицензиялары жоқ.

– Олардың ел аумағында жұмыс істеуіне тыйым салуға болмай ма?

– Ел аумағында қызмет атқарып жатқан шетелдік, әсіресе жерсеріктік желіде жұмыс істейтін операторларға қатысты жағдай мүлде басқаша. Себебі, техникалық тұрғыдан шетелдік операторлардың жерсеріктік

антенналарын қолдануға тыйым салу мүмкін емес, яғни ғарыштан тарайтын жерсеріктік сигналдың қамту аумағы, мемлекеттік шекаралардан анығуымен кен. Бұл жағы да, өйткені тұтынушылардың да, хабар тарату операторларының да мүмкіндіктері артады.

Алайда, кәсіпкерлік қызметті сол елдің заңнамаларына сәйкес жүргізу керек екені белгілі. Мысалы, бір операторлар ел аумағындағы заңдылықтар талабы бойынша, техникалық регламенттер,

– Шын мәнісінде, Кеңес Одағы ыдыраған соң, ақпараттық шекарадан жойылды. Жұрт жаппай ақпаратқа ұмтылды.

Дүңгіршектеріміз шетелдік газет пен журналдарға толды. Телевизия саласында да дәл сол жағдай орын алды. Айта кетерлік бір жайт, ол кезде қазақстандық операторлар шетелдік хабар таратушылармен бөсекке шыдас бермейтін. Кеңестік дәуірден қолданылып келген телехабар таратуында аналогтық стандарты, заманауи көрер-

«Рикор» және т.б. антеннасын сатып алдыңыз, біраздан соң қондырғыда техникалық ақау пайда болды делік. Сіз ештеңемен көмек сұрай алмайсыз, өйткені аталған операторлардың Қазақстанда өкілдігі жоқ. Бұған қоса, шетелдік операторлардың көбі, ескіріп қалған DVB-S стандартында хабар таратады. Ал Қазақстанда 2010 жылы 27-желтоқсандағы ведомствоаралық комиссия хаттамасымен DVB-S-2 стандарты қабылданған. Сонымен қатар, шетел операторлары тыйым салынған

«СҰР АНТЕННАЛАР» сұрықты кетіре бере ме?



абоненттерге қызмет көрсету ереже талаптарын орындай, есепке тұрып жатыр. Ал енді біреулері ешқандай бір төкпестен, сол көрермендерден он-пайы табыс тауып жатқанын көріп отырмыз. Яғни, қандай да бір шығын көрмей, оның ішінде Қазақстан бюджетіне алым-салым төлеместен, шетелдік жерсеріктік операторлар еліміздің телерадиохабар тарату нарығының «қаймағын» сыпырып жеп отыр десек те болады. Анығына келсек, бұл лицензиядан өткен операторлар үшін тенеіз бөсекелестік. Бір сөзбен айтқанда, өте тиімсіз. Тәуелсіз сарпашылардың дерегіне жүгірсек, Қазақстан бюджетінен айналып өтіп, шетелдік операторларға кетіп жатқан табыс жыл сайын миллиардтаран теңгеге жеткен. Рәсімделуінен өтпеген «сұр антенналардың» қолданылуы азаматтар Қазақстанның ақпараттық кеңістігінен тыс қалып отыр. Ал отандық жерсеріктік және кабельдік хабар тарату операторлары ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 28-желтоқсандағы №1713 қаулысына сәйкес, міндетті түрде трансляциялануы тиіс 14 отандық телеарнаны көрсетуге міндетті. Ал шет елдің операторларының Қазақстан телеарналарын өз телетоптамасына қосуға техникалық мүмкіндіктері бола тұра, оларды трансляцияламай отыр.

Біздің нарықты «сұр антенналар» қалай толтырды?

меннің көңілінен шықпалы. Әрі ескі форматтың сапасы да сын көтермейтін, көрсетілетін телеарна саны 3-5-тен аспайтын, әсіресе ауылдық жерлерде. Осының әсерінен «сұрның» ұсыныс түзгізді» принципі бойынша, Қазақстан нарығына, әсіресе ауылдық жерде «сұр антенналар» көп лап қойды. Егер қалаларда кабельдік операторлар кенінен таралса, шағын қалашықтар мен елді мекендерде қызмет көрсетуден кабель таратушылар тартыныштанға беретін. Өйткені, оларға ауылдар – коммерциялық тұрғыдан тиімсіз орта.

Бір қуантарлығы, соңғы жылдары біздің операторлар қарқынды дамып жатқанын байқауға болады. Бүгінде Алма ТВ – 600 000 абоненті, ID TV – 200 000, ОТАУ TV – 750 000, Icon-ның 300 000 абоненті бар. Оған жергілікті кабельдердің нарығын қосыңыз. Қазақстандық операторлар жұмысының арасында, елімізде 10 отбасының сегізге кем дегенде 14 қазақстандық телеарнаны көріп отыр деген сөз.

– Сауда орындарында қатпал тұрған түрлі тәрелке – «сұр антенна» тұтынушылардың мүддесін қорғай ала ма?

– Базарларда «сұр антенна-налардың» сатылуы тұтынушылардың мүддесін қорғаймайды. Мысалы, Сіз «Триколор», «НТВ Плюс», «Радуга», «Телекарта», «Платформа HD,

тауар мен қызметті жарнамалау арқылы Қазақстан Республикасы «Жарнама туралы» Заңы талабын бұзып отыр. Шетелдік операторлардың қондырғы мәзірі мен қолдану нұсқаулығында қазақ тілі қарастырылмағандықтан, ҚР «Тілдер туралы» Заңы да бұзылған. Сондай-ақ, «Телерадиохабар туралы» Заңға сәйкес, мемлекеттік есепке тұрмаған телеарналардың ел аумағында трансляциялауға тыйым салынған. Бүгінде 200-ден астам шетелдік телерадиоарна ҚР аумағында тіркелген (http://www.asi.gov.kz сайтының мәліметтері бойынша) өтті. Алайда, шетелдік операторлар біздің көрермендерге республика аумағында тіркелмеген 100-ден астам арналарын көрсетіп отыр.

Бұл операторлардың жұмыс жасау тәсілі де оңай, ауыл-ауылды өздері араламайды, агент немесе дилер ретінде желіге қосылу қызметін көрсететін қазақстандық кәсіпкерлер арқылы жұмысын жүргізуде.

– Көпқабатты үйлердің қабырғасында саңырауқұлақтай жабайсып тұрған «сұр антенналар» қазанын көркін де бұзып тұр ме е?

– Әрине. Бұл қала құрылысы мен сәулеткерлік заңнамаларын сақтамау деген сөз. Бұл антеннаны қойғысы келген адам, оны тысқы қабырғаға іле бермей, шатырға орнатуы тиіс. Сондықтан бұл жергілікті атқарушы органдардың өкілеттілігіне мәселе. Осы ахуалды сипаттай келе, есімне Наполеон Бонапарттың: «Өз әскерін асырағысы келмеген халық, өзге елдің әскерін асыратындық» деген сөзі түсіп отыр. Шетелдік хабар тарату операторларының асыраймыз ба, әлде Қазақстан телевизиясының дамуына үлес қосып, бюджетімізді толықтырамыз ба? Отандық телеарналармен мен жергілікті әкімдіктер қандай тандау жасайды? Мәселе осында.

– Әңгімеңізге расмет! Сұхбаттасқан Дәурен ОМАРОВА.

ҰСТА МЫРЗАЛЫ

“Еңбек еткен емерсің” деген сөз бар қазақта. Елбасының да еңбек аламын дәріптеуі, “Еңбек қоғамына қарай 20 қадам” атты Жолдауына негіз болды. Ал, 70-тің желісіндегі қарсаңтамын бейнелеушінің дәріптеу, жылқаулыққа бет бұрған жастарға үлкен өнеге. Теренөзектік Мырзалы Орынбаев осындай еңбеккер жанның бірі. Қолынан келмейтін ісі, бәтпайтын тісі жоқ бейнелекші. Темірден тұйып тұйып шебер.

Нарық заманында оның ісмертігі, ұсталығы қолға жарап тұр. Зейнеткер болсаң да Мырзекендей бол деп, көпшілік тірілігіне дән риза. Қарап отыраймыз, фургон “Моксвичем” ойға-қырға шапқылап, үйіне отан да, көмір де тасиды. Үйінің маңына жеміс ағаштары толы. Әрі диканыш оң бау-бақшаны да өзі баптайды. “Өзінді-өзің қамтамасыз ет, сонда бақуаттылыққа жетесің” – деген қария. Тұрардан түсе қоймаған ол зейнеткерім деп үйде қол қусырып қарап отырмайды. Тырбалы тірілік жасауының арасында денсаулық та бабында. Еңбек десе ерінбей, қашанда ширақ қимыл танытады.

Сырдария ауданы Теренөзек кентінің байырғы тұрғыны Мырзалы ақсақал кезінде аудандық автокөлік мекемесінде ұзақ жылдар жүргізуші, механик болып еңбек етті. Зейнеткерлерге де шыға алмай жекпітері қасқарып, жұмыссыздыққа ұшырап, Бірақ қолының етілігі арасында заман көшінен қалмады. Нарықтың қайранына қайран қалған жоқ. Үйден көліктер жөндеді, отбасына қажетті тұрмыстық құралдарды жасады, елден алыс киші шекте барып, бау-бақша өнімдерін екті. Балаларының бәрін жетілдірді. Бүгінде оншақты немере сүйіп отыр. Асқардың азамат, жетпіске жақындады да қарттыққа мойынсұнуы тіріліс жасап, одан өзі лозат алып отыратын жас Мырзекеннен кейінгі жастар мол үлгі алатынына сенеміз.

Нүрбек САҒАТУЛЫ.

2014 ЖЫЛДЫҢ 17 ҚЫРКҮЙЕГІНДЕГІ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ТІЗІМІ

№	Мекеме атауы	Жұмыс орындары	Саны	Мекеме мекен-жайы
1	«Қызылорда су жүйесі» МКК	газ-электр дәнекерлеуші	3	Желтоқсан 136, 23-00-42
		жүргізуші	3	
		Экскаватор машинисі	1	
		ЭО-33211А экскаватор машинисі	1	
		инженер-жобалаушы	1	
2	«Теплотехник-2» ЖШС	КИП и А жүйе техникасының инженері	1	Бейбітшілік н/э Тел. 25-93-68, 40-03-79
		инженер-технолог	1	
		автокөлік жөндеу слесарі	1	
		Жүк тиеуші	5	
		экспедитор	5	
3	«Керемет Сауда» ЖШС	оператор	1	Шымбай №107 22-42-10
		сатушы	1	
		қойма меңгерушісі	1	
		КИП и А инженері	1	
		өрт қауіпсіздігінің инструктор-техникі	1	
4	«І Елиос» ЖШС	Мұнай базасына слен жуушы	1	Желтоқсан н/э тел. 26-33-12
		АЭС операторы	1	
		АЭС қасири-операторы	1	
		химик-аналитик	1	
		«Республикалық ветеринарлық зертхана» ЖШС	1	
5	«Латона» ЖШС	Тас қалаушы	5	Бұқарбай батыр, 41 24-03-03
		бетоншы	5	
		сылақшы-сырлаушы	5	
		электрик	2	
		жұмысшы	10	
6	«Браунинг Казахстан» ЖШС	электр-газ дәнекерлеуші	3	Бетім аңа, 8/6 87018735561, 87059524326, 87029334326, 26-31-62
		аспаз-салатшы	5	
		Еден жуушы	5	
		Ыдыс жуушы	3	
		Пилла тісіруші	3	
7	«МарСАМ» ЖШС	Бармен	4	"Шұғыл" м/а, 3/1 24-59-57
		Сатушы	8	
		Кассир	4	
		кондитер	10	
		лаушы	5	
8	«Глобус» ЖШС	Ас тартушы	5	Желтоқсан, 150, 23-00-18
		Болмше басшысы	1	
		инженер ПТО	1	
		прораб	5	
		Тас қалаушы	25	
9	Қызылорда облысы бойынша экология департаменті	Кабель қалаушы	20	Сырдария 2а, 21-22-01
		бетоншы	10	
		леукашы	5	
		жұмысшы	18	
		Ортехника жөндеу маманы	1	
10	«Best-Авто» ЖШС	инженер-приборист	1	Сырдария 2а, 21-22-01
		автосырлаушы	2	
		кузовшы	1	
		Автосырлаушы көмекшісі	1	
		автожөндеуші	2	
11	«Мүз айдыны» МККК	Бас инженер	6	Демесиев, 57 40-08-24
		балкер	2	
		КИП и А инженері	2	
		массажист	1	
		электроншы	1	
12	«Келешек Б» ЖШС	тағалаушы	1	«Ақмешіт» м/а 9а/13 22-15-81
		автожөндеуші	1	
		электрик	1	
		аспаз	1	
		жүргізуші (кат В С)	3	
13	«Globus» оқу орталығы	Е казас жүргізуші	3	Мұратбаев 6, 87479473169
		Қытай тілі мұғалімі	1	
		Ағылшын тілі мұғалімі	1	
		Математика пәні мұғалімі	1	
		Биология пәні мұғалімі	1	
14	«Бак-Азат» бала бақшасы	Физика пәні мұғалімі	1	«Ақмешіт» м/а 9а/13 22-15-81
		Химия пәні мұғалімі	1	
		Бастауыш сынып мұғалімі	1	
		мұзқалаушы	1	
		бау күтуші	1	
15	«Қызылорда механика-жөндеу заводы» ЖШС	тәрбиеші	1	Хон Бен До, 20а 23-89-30
		жөндеуші	3	
		ТНВД жөндеуші	2	
		моторист	2	
		токарь	3	
16	Қызылорда көпсалалы колледж	Агрегатшы (КПД ресуктор)	2	Шоқай, 149 24-53-15
		Ағылшын тілі мұғалімі	2	
		Дәрігер-хирург	1	
		Балалар дәрігері	1	
		Анатомия пәні мұғалімі	1	
17	«Алтын таға» ЖШС	Орыс тілі мұғалімі	1	Фараби, 158 8-707-891-81-08
		Дәрігер-жүзін	1	
		жөндеуші	1	
		Еден жуушы	1	
		Коркыт ата, 84 27-04-74		
18	«Асбөл» ЖШС	Еден жуушы	1	Коркыт ата, 84 27-04-74
		Еден жуушы	1	
		Еден жуушы	1	
		Еден жуушы	1	
		Еден жуушы	1	

Хабарлама

«ПетроҚазақстан Құмқал Ресорси» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Арысқұм кеңішіндегі мұнай жинау жүйесі. №15 көлденен, 17 көлденен, 175, 180, 182, 183, 188, 189, 220, 221, 240, 243, 247 ұңғымаларға аралық құбырлар тарту. С-6 манифольдыан 4 тармаққа кеңейту. С-9 спунитің орнату» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаментіне мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолдануына жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны (7242) 29-92-11.

«ПетроҚазақстан Құмқал Ресорси» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Арысқұм кеңішіндегі мұнай жинау жүйесі. Арысқұм кеңішіндегі №15 көл, 17 көл, 170, 180, 240, 243, 247 ұңғымаларды электрмен қамту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаментіне мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолдануына жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны (7242) 29-92-11.

● БАЗАР НАРЫҒЫ

Арзан баға қайда бар?

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық-маркетингтік жүйесі арқылы күнделікті негізгі азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізіліп отыр. Жүргізілетін мониторингтің нәтижесінде үстіміздегі жылдың 17 қыркүйегіне ең арзан өнімдерді облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендегі сауда үйлері мен базарларынан алуға болатындығын хабарлаймыз.

Қызылорда қаласы. «Дәмді» әлеуметтік дүкендерінде бір келі І сортты бидай ұны – 54, қант – 130, ет – 950, тауық еті – 395, бөлке нан – 35, картоп – 80, жуа – 110, сәбіз – 110, қырықшабат – 45, қызылша – 80, қарақұмық – 145, арпа жармасы – 90, сұлы жармасы 135 теңгеден сатылуға.

«Мирас» сауда үйінің ауласында орналасқан қоймада бір келі картоп – 65, жуа – 70, сәбіз – 85, қызылша – 85, қырықшабат – 75 теңгеден сатылып жатыр.

Арал қаласының «Қанағат» базарының жанынан ашылған әлеуметтік орында бір келі қант – 190, ал, жеке кәсіпкер Н.Сапарбаевтың дүкенінде картоп – 65, жуа – 80, сәбіз – 110, қырықшабат – 70, өсімдік майының 1 литрі 230 теңгеден сатылуға.

Қазалы ауданы. «Ырыс-Болашақ және К», «Орын-ай» сауда

орындарында жұмыртқа – 18, картоп – 65, жуа – 70, қырықшабат – 70, сәбіз – 100, өсімдік майы 240-250 теңгеден сатылуға.

Қарма